

Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығының, мемлекеттік органдардың куәландырушы орталығының және Қазақстан Республикасының ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 маусымдағы № 727 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 16 қазанда № 12181 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 09.12.2015 № 1183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 1-тармағының 12) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы 5-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 26.05.2020 № 214/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беруі, сақтау, қайтарып алуы және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беруі, сақтауы, қайтарып алуы және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беруі, сақтауы, қайтарып алуы және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидалары бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын куәландырушы орталық және Қазақстан Республикасының ұлттық куәландырушы орталығы қызметінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрінің 2010 жылғы 10

желтоқсандағы № 348 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6716 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2011 жылғы 15 наурыздағы № 92-93 (26513-26514)) жарияланған күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті (Т.Б. Қазанғап):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың Интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 3-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның талғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушы*

А. Рау

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Әділет министрі

_____ Б. Имашев

2015 жылғы 9 қыркүйек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2015 жылғы 27 тамыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрі

Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілттің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 01.12.2023 № 595/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілттің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабы 1-тармағының 12) тармақшасына сәйкес әзірленді және тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығының электрондық цифрлық қолтаңба ашық кілттің тиесілілігі мен жарамдылығын растау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпаратты криптографиялық қорғау құралы (бұдан әрі – АКҚҚ) – криптографиялық түрлендіру алгоритмдерін, шифрлау кілттерін құруды, қалыптастыруды, бөлуді немесе басқаруды іске асыратын бағдарламалық қамтылым немесе бағдарламалық-аппараттық кешен;

2) кері қайтарып алынған тіркеу куәліктерінің тізімі (бұдан әрі – ҚТКТ) – қолданысы тоқтатылған тіркеу куәліктері, олардың сериялық нөмірлері, қайтарылған күні (жою) мен себебі туралы мәліметтерді қамтитын тіркеу куәліктері тіркелімінің бөлігі;

3) куәландырушы орталық – электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілттің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыратын, сондай-ақ тіркеу куәлігінің жарамдылығын растайтын заңды тұлға;

4) Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығы (бұдан әрі – НКО) – куәландырушы орталықтардың электрондық цифрлық қолтаңбасының ашық

кілттерінің тиесілілігі мен жарамдылығын растауды жүзеге асыратын куәландырушы орталық;

5) өтініш беруші – НКО-ны қоспағанда, куәландырушы орталық;

6) пайдаланушы – НКО-ны қоспағанда, куәландырушы орталықтың тіркеу куәлігінің иесі;

7) тіркеу куәлігі – электрондық цифрлық қолтаңбаның Заңда белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін куәландырушы орталық беретін электрондық құжат;

8) тіркеу куәлігін кері қайтарып алу – НКО тіркеу куәлігін жарамсыз деп тану рәсімі;

9) тіркеу куәлігінің иесі – оның атына тіркеу куәлігі берілген, тіркеу куәлігінде көрсетілген ашық кілтке сәйкес келетін жабық кілтті заңды түрде иеленетін жеке немесе заңды тұлға;

10) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терілімі;

11) электрондық құжат айналымы жүйесі (бұдан әрі – ЭҚЖ) – қатысушылар арасындағы қатынастар заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттелетін электрондық құжаттармен алмасу жүйесі.

2-тарау. Куәландырушы орталыққа тіркеу куәлігін беру тәртібі

3. Куәландырушы орталыққа бағыныстылығы қайта жасалған тіркеу куәлігін беру үшін өтініш беруші НКО-ға пошта немесе арнайы пошта байланысы арқылы, қолма-қол немесе ЭҚЖ арқылы келесі құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша куәландырушы орталыққа қайта тіркелген тіркеу куәлігін беруге өтініш;

2) куәландырушы орталықты аккредиттеу туралы куәліктің көшірмесі;

3) электрондық құжат нысанындағы куәландырушы орталықтың тіркеу куәлігі.

4. Құжаттарды қарағаннан кейін НКО бағыныстылығы қайта жасалған тіркеу куәлігін куәландырушы орталыққа береді және оны тіркеу куәліктерінің тіркелімінде тіркейді.

НКО жаңа тіркеу куәлігін беру арқылы куәландырушы орталықтың негізгі тіркеу куәлігінің бағыныстылығын қайта жасайды, мұнда тіркеу куәлігінің құрылымында Баспагер жолына НКО деректері беріледі.

5. Куәландырушы орталыққа бағыныстылығы қайта жасалған тіркеу куәлігін беру осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген құжаттарды тапсырғаннан кейін он бес жұмыс күні ішінде почта немесе арнайы почта байланысы арқылы, қолма-қол не ЭҚЖ арқылы жүзеге асырылады.

6. НКО куәландырушы орталыққа мынадай жағдайларда бағыныстылығы қайта жасалған тіркеу куәлігін беруден бас тартады:

- 1) ұсынылған құжаттар толық болмаған;
- 2) анық емес мәліметтер ұсынылған;
- 3) заңды күшіне енген сот шешіміне сәйкес;

4) адам он алты жасқа толмаған жағдайларда куәландырушы орталыққа тіркеу куәлігін беруден бас тартады.

Куәландырушы орталыққа бағыныстылығы қайта жасалған тіркеу куәлігін беруден бас тарту туралы жазбаша дәлелді жауап өтініш берушіге ресми хатпен өтініш беруші НКО-ға жүгінген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жіберіледі.

7. Бағыныстылығы қайта жасалған тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі НКО тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімінен аспайды.

3-тарау. НКО берген тіркеу куәліктерін сақтау тәртібі

8. ЭЦҚ құру және оның күшін жою туралы құжаттарды сақтау Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушы 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15997 болып тіркелген) бекітілген Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

9. ЭЦҚ-ны құру және жою туралы құжаттар он бес жыл өткеннен кейін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 235 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33338 болып тіркелген) Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды ведомстволық және жеке архивтердің қабылдау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидаларына сәйкес архивтік сақтауға түседі.

4-тарау. Куәландырушы орталықтың тіркеу куәлігін кері қайтарып алу тәртібі

10. Куәландырушы орталықтың бағыныстылығы қайта жасалған тіркеу куәлігін кері қайтарып алу мынадай жағдайларда:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу куәлігін кері қайтаруға берілген өтініштің негізінде тіркеу куәлігі иесінің немесе оның өкілінің талабы бойынша;

2) тіркеу куәлігін алған кезде дұрыс емес мәліметтерді не толық емес құжаттар топтамасын беру фактісі анықталған кезде;

3) тіркеу куәлігінің иесі – заңды тұлғаның атауы ауысса, қайта ұйымдастырылса, таратылса, заңды тұлғаның басшысы ауысса;

4) куәландырушы орталық пен тіркеу куәлігінің иесі арасындағы келісімде көзделген жағдайларда;

5) заңды күшіне енген сот шешімі бойынша жүзеге асырылады.

11. Куәландырушы орталықтың бағыныстылығы қайта жасалған тіркеу куәлігін кері қайтарып алу үшін өтініш беруші осы Қағидалардың 10-тармағында көзделген жағдайлардың бірінің басталғанын растайтын құжаты бар ресми хатты пошта немесе арнайы пошта байланысы арқылы, қолма-қол не ЭҚЖ арқылы НКО-ға ұсынады.

12. Куәландырушы орталықтың бағыныстылығы қайта жасалған тіркеу куәлігін кері қайтарып алу бағыныстылығы қайта жасалған тіркеу куәлігін кері қайтарып алуға ресми хатты тіркеген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

13. Құжаттарды қарағаннан кейін НКО тиісті ақпаратты алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде куәландырушы орталықтың бағыныстылығы қайта жасалған тіркеу куәлігін кері қайтарып алу күнін, себебі мен уақытын көрсете отырып, бағыныстылығы қайта жасалған тіркеу куәлігінің қолданылуын тоқтату туралы жазбаны тіркеу куәліктерінің тіркеліміне енгізеді.

14. НКО кері қайтарып алынған қайта бағынысты тіркеу куәліктері туралы мәліметтерді, олардың сериялық нөмірлерін және кері қайтарып алу себебін НКО ҚТКТ-да www.root.gov.kz мекенжайы бойынша интернет-ресурста жариялайды.

ҚТКТ жаңарту кемінде бір айда бір рет кезеңділігімен жүргізіледі.

5-тарау. Электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау тәртібі

15. НКО пайдаланушысы бағыныстылығы қайта жасалған тіркеу куәлігін алған кезде куәландырушы орталықтың АҚКК пайдалана отырып, ЭЦҚ ашық кілтінің тиесілігін және жарамдылығын растау үшін оны тексеруді мынадай тексерулерді орындау арқылы жүзеге асырады:

1) куәландырушы орталығының тіркеу куәлігі НКО ЭЦҚ қайта бағыныстылығын;

2) куәландырушы орталық тіркеу куәлігінің жарамдылық мерзімін;

3) куәландырушы орталықтың тіркеу куәлігінің кері қайтарылып алынуын орындау жолымен оны тексеруді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының
негізгі куәландырушы
орталығының тіркеу куәліктерін
беру, сақтау, кері
қайтарып алу және электрондық
цифрлық қолтаңбаның ашық
кілтінің тиесілілігі мен
жарамдылығын растау
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Куәландырушы орталыққа тіркеу куәлігін беруге өтініш

Осы өтініш арқылы мен _____

(өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), туған күні)

Өкілдің жеке сәйкестендіру нөмірі: _____

Бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____

(заңды тұлғаның атауы, мекенжайы, телефоны) сұрау салуды (PKCS#10) немесе Base64 форматында куәландырушы орталықтың тіркеу куәлігін (P7B)

(сұрау салудың немесе тіркеу куәлігінің сұлбасы) және өтініште көрсетілген мәліметтерге сәйкес өңдеуді сұраймын.

Идентификациялық мәліметтер: елдің атауы: _____

облыстың атауы: _____, қала _____

ұйымның атауы: _____

Куәландырушы орталықтың атауы: _____

электрондық пошта мекенжайы: _____

Тіркеу куәліктердің пайдалану аймағы: _____

20__ жылғы " __ " _____.

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Мөрге арналған орын (бар болған жағдайда) 20__ жылғы " __ " _____.

Қазақстан Республикасының
негізгі куәландырушы
орталығының тіркеу куәліктерін
беру, сақтау, кері қайтарып алу
және электрондық цифрлық
қолтаңбаның ашық кілтінің
тиесілілігі мен жарамдылығын
растау қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Тіркеу куәлігін кері қайтарып алуға өтініш

Осы өтініш арқылы мен, _____

(өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), туған күні)

Өкілдің жеке сәйкестендіру нөмірі: _____

Бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____

(заңды тұлғаның атауы, мекенжайы, телефоны) өтініште көрсетілген деректерге сәйкес

бұрын берілген куәландырушы орталықтың тіркеу куәлігін кері қайтарып алуды сұраймын: _____

тіркеу куәлігінің сериялық нөмірі: _____

елдің атауы: _____

облыстың атауы: _____, қала _____

ұйымның атауы: _____

Куәландырушы орталықтың атауы: _____

электрондық пошта мекенжайы: _____

Тіркеу куәлігінің пайдалану мерзімі: _____

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Мөрге арналған орын (бар болған жағдайда) 20 ____ жылғы " ____ " ____ .

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және
даму министрінің м. а.
2015 жылғы 26 маусымдағы
№ 727 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 01.12.2023 № 595/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдардың куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабы 1-тармағының 12) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңба ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпаратты криптографиялық қорғау құралы (бұдан әрі – АКҚК) – криптографиялық түрлендіру алгоритмдерін, шифрлау кілттерін құруды,

қалыптастыруды, бөлуді немесе басқаруды іске асыратын бағдарламалық қамтылым немесе бағдарламалық-аппараттық кешен;

2) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – ақпараттандыру және "электрондық үкімет" саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

3) "Е-қызмет" персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – "Е-қызмет" жүйесі) – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мен мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметінің бірінші кезектегі міндеттерін шешуге, сондай-ақ персоналды басқару процестерін дамыту мен жетілдіруге арналған Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметінің персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі;

4) жұмыс станциясы – қолданбалы міндеттерді шешуге арналған жергілікті желі құрамындағы стационарлық компьютер;

5) кері қайтарып алынған тіркеу куәлігі – қолданысы осы Қағидаларда белгіленген тәртіпте тоқтатылған Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығы берген тіркеу куәлігі;

6) кері қайтарып алынған тіркеу куәліктерінің тізімі (бұдан әрі – ҚТКТ) – әрекеті тоқтатылған тіркеу куәліктері, олардың сериялық нөмірлері, қайтарылған күні (жою) және себебі туралы мәліметтерді қамтитын тіркеу куәліктері тіркелімінің бөлігі;

7) кілтті ақпаратты жеткізгіш – онда сақталатын электрондық цифрлық қолтаңба жабық кілттерін қорғау үшін ҚР СТ 1073-2007 (3-деңгей) "Ақпаратты криптографикалық қорғау құралы. Жалпы техникалық талаптар" стандарты талаптарына сәйкестік сертификаты бар, АҚКҚ пайдаланылатын арнайы жеткізгіш;

8) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығы (бұдан әрі – МО КО) – Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ақпараттық жүйелерінде және өзге де мемлекеттік ақпараттық ресурстарында мемлекеттік органдарға, мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына қызмет көрсететін куәландырушы орталық;

9) мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасы (бұдан әрі – МО БКО) – "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымына кіретін және ақпараттық қауіпсіздіктің талап етілетін деңгейін сақтай отырып, мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, сондай-ақ уәкілетті орган айқындаған өзге де ақпараттандыру субъектілерінің жергілікті (интернетке қолжетімділігі бар жергілікті желілерді қоспағанда), ведомстволық және корпоративтік телекоммуникациялар желілерінің өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз етуге арналған телекоммуникациялар желісі;

10) МО КО онлайн өтінім беру сервисі – МО КО желісінде МО БКО пайдаланушыларының тіркеу куәліктерін шығаруға және кері қайтарып алуға онлайн режимінде өтінімдерді қалыптастыруға арналған сервис;

11) өтініш беруші – Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен олардың аумақтық бөлімшелері;

12) тіркеу куәлігі – куәландырушы орталық электрондық цифрлық қолтаңбаның Заңда белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін беретін электрондық құжат;

13) тіркеу куәлігінің иесі (бұдан әрі – пайдаланушы) – атына тіркеу куәлігі берілген, тіркеу куәлігінде көрсетілген ашық кілтке сәйкес жабық кілтті заңды түрде иеленуші электрондық құжат айналымы жүйесінің қатысушысы;

14) электрондық құжат айналымы – мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар арасында электрондық құжаттар алмасу;

15) электрондық құжат айналымы жүйесі (бұдан әрі – ЭҚЖ) – қатысушылары арасындағы қатынастар осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттелетін электрондық құжаттар алмасу жүйесі;

16) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;

17) электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілті – кез келген тұлғаның қолы жететін және электрондық құжаттағы электрондық цифрлық қолтаңбаның түпнұсқалығын растауға арналған электрондық цифрлық нышандар дәйектілігі;

18) электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті – тіркеу куәлігінің иесіне белгілі және электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып, электрондық цифрлық қолтаңбаны жасауға арналған электрондық цифрлық нышандар дәйектілігі;

19) "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы (бұдан әрі – оператор) – өзіне бекітілген "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жүктелген Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға;

20) Туре-С қосқышы – негізгі ақпарат медиасын планшеттерге қосуға арналған интерфейс.

21) Virtual Private Network (бұдан әрі – VPN) – екі тораптың ақпаратпен алмасуға арналған виртуалды жеке желі.

2-тарау. МО КО пайдаланушысының тіркеу куәлігін беру тәртібі

3. МО КО пайдаланушыларының тіркеу куәліктерін беру мынадай тәсілдердің бірімен:

- 1) офлайн режимінде (оператор қызметкері өтініш берген кезде);
- 2) онлайн режимінде (өтініш беруші өтініш берген кезде);
- 3) "Е-қызмет" жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

4. Офлайн режимінде МО КО пайдаланушыларының тіркеу куәліктерін беру келесі жағдайларда:

- 1) МО КО пайдаланушының тіркеу куәлігін алғашқы беру кезінде;
- 2) МО КО пайдаланушысының негізгі ақпаратты жеткізгіш істен шыққан немесе жоғалған кезде;

3) Екінші қолданыстағы тіркеу куәлігі Туре-С қосқышы бар негізгі ақпаратты тасымалдаушыны алу қажет болған жағдайда жүзеге асырылады.

МО КО өтініш берушіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЭҚЖ арқылы жіберілген офлайн режимінде тіркеу куәліктерін алу үшін өтініш негізінде тіркеу куәлігін береді.

Мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне екіден аспайтын негізгі ақпараттың тасымалдаушысы беріледі, олардың біреуінде Туре-С қосқышы бар.

Оператордың қызметкері ЭЦҚ-ның жабық кілтін генерациялауды және кілтті ақпаратты жеткізгішке МО КО пайдаланушысының тіркеу куәлігін шығаруды жүргізеді.

Кілтті ақпаратты жеткізгіш өтініш берушіге пошта немесе арнайы пошта байланысы арқылы немесе осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушіден МО КО пайдаланушыларының тіркеу куәліктерін бір жолғы алуға немесе кері қайтарып алуға қызметтік куәлігін немесе сенімхатты көрсеткен жағдайда, оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) орындаушы ретінде хатта көрсетілген жағдайда өтініш берушінің уәкілетті қызметкері арқылы қолма-қол беріледі.

МО КО пайдаланушысының тіркеу куәлігі бар кілтті ақпаратты жеткізгішті қолма-қол алған кезде өтініш берушінің уәкілетті қызметкері осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МО КО пайдаланушыларының тіркеу куәліктерін беруді есепке алу журналына қол қояды.

5. МО КО пайдаланушысының тіркеу куәлігін онлайн режимінде беру пайдаланушыда негізгі ақпаратты тасымалдағыш болған жағдайда жүзеге асырылады:

- 1) өтініш беруші жұмыс станциясына негізгі ақпарат тасымалдағышты қосады;
- 2) өтініш беруші МО БКО арқылы онлайн өтінім беру МО КО сервисінде өтінім беру арқылы жабық кілтті генерациялайды;

3) өтініш беруші ЭҚЖ арқылы МО КО-ға осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімді онлайн беру сервисі арқылы тіркеу куәлігін алуға өтінішпен бірге хат жібереді.

Оператордың қызметкері өтініш берушіден өтінім берудің онлайн сервисі арқылы тіркеу куәлігін алуға өтінішті алғаннан кейін ұсынылған деректердің толықтығын тексеруді жүзеге асырады және тіркеу куәліктерін беруге өтінімді растайды.

Өтініш беруші оператор өтінімді растағаннан кейін өтініш берушінің негізгі ақпарат тасымалдаушысына тіркеу куәлігін белгілейді.

6. Пайдаланушыда негізгі ақпаратты тасымалдағыш болған жағдайда "Е-қызмет" жүйесі арқылы МО КО пайдаланушысының тіркеу куәлігін беру:

- 1) өтініш берушінің қызметкері жұмыс станциясына негізгі ақпарат тасымалдағышты қосады;
- 2) өтініш берушінің қызметкері өтінімді "Е-қызмет" жүйесі арқылы береді;
- 3) өтінімге өтініш берушінің ЭЦҚ кілттерімен қол қойылады және МО БКО арқылы "Е-қызмет" жүйесінің иесіне жіберіледі;
- 4) "Е-қызмет" жүйесінің иесі МО КО жіберілетін өтінімге ЭЦҚ кілттерімен қол қояды;
- 5) МО КО, "Е-қызмет" жүйесінен өтінім алғаннан кейін МО КО пайдаланушысының тіркеу куәлігін шығарады.

Өтінім беруші өтінімді оператор қызметкері растағаннан кейін негізгі ақпарат тасымалдағышқа тіркеу куәлігін белгілейді.

7. МО КО пайдаланушыларының тіркеу куәлігін беру мынадай мерзімдерде:

- 1) мемлекеттік әкімшілік қызметшілер үшін – өтінім алған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде;
- 2) мемлекеттік саяси қызметшілер үшін – өтінім алған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

8. Тіркеу куәлігі осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МО КО пайдаланушылары үшін тіркеу куәлігінің құрылымы бар электрондық құжат нысанында беріледі.

9. Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары осы Қағиданың 5-тармағына сәйкес өтінім береді.

10. Өтініш берушінің МО КО пайдаланушысының тіркеу куәлігін шығару жөніндегі өтінімге жауап болып табылады:

1) офлайн режимі үшін – негізгі ақпаратты жеткізгішті өтініш берушіге қолма-қол, пошта немесе арнайы пошта байланысымен беру;

2) онлайн режимі және "Е-қызмет" жүйесі үшін – МО КО пайдаланушысының тіркеу куәлігін шығару.

11. МО КО мынадай:

- 1) ұсынылған құжаттар толық болмаған;
- 2) анық емес мәліметтер ұсынылған;
- 3) соттың заңды күшіне енген шешіміне сәйкес;
- 4) адам он алты жасқа жетпеген жағдайларда тіркеу куәлігін беруден бас тартады;
- 5) МО КО пайдаланушысында қолданыстағы тіркеу куәлігінің бар болуы:

пайдаланушының екі мемлекеттік органдарда бір мезгілде жұмыс істеуі (растайтын құжаттар болған жағдайда).

"Е-қызмет" АЖ-да МО КО пайдаланушыларының тіркеу куәліктерін шығаруға сұрау салуларға қол қою құқығымен тіркеу куәлігі иесіне береді.

Пайдаланушы екі негізгі ақпарат тасымалдағышымен бір уақытта жұмыс істеуі, оның бірі Туре-С қосқышының бар болуы.

12. МО КО пайдаланушысының тіркеу куәлігін беруден бас тарту туралы жауап:

1) офлайн режимі үшін – жазбаша дәлелді жауап өтініш берушіге ЭҚЖ арқылы, өтініш беруші МО КО өтініш берген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде;

2) онлайн режим үшін – бас тарту себебін ұсына отырып, онлайн өтінім беру сервисінде өтінімді қабылдамау жолымен;

3) "Е-қызмет" жүйесі үшін – бас тарту себебін ұсына отырып, онлайн өтінім беру сервисінде өтінімді қабылдамау жолымен ұсынылады.

13. Өтініш беруші осы Қағидалардың 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жіберілген хатты ұсынбаған жағдайда, өтініш беруші электрондық құжат нысанында онлайн режимінде тіркеу куәлігін алуға берген өтінімнің күші өтінім берілген сәттен бастап он төрт жұмыс күні өткеннен кейін жойылады.

14. Тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі оны шығарған сәттен бастап үш жылды құрайды.

15. VPN құрылғысы үшін МО КО тіркеу куәлігін беру:

1) өтініш беруші ЭҚЖ арқылы тіркеу куәлігін алуға уәкілетті органға хат жолдайды ;

2) уәкілетті орган хатты және VPN құрылғысы үшін МО КО-да тіркеу куәлігін шығару қажеттілігі туралы оң шешімді тексергеннен кейін оны одан әрі шығару үшін оператор қызметкеріне хатты жібереді;

3) оператор қызметкері уәкілетті органнан хат алғаннан кейін ұсынылған деректердің дұрыстығына тексеруді жүзеге асырады, бұдан әрі тіркеу куәлігін шығарады;

4) оператор қызметкері VPN құрылғылары үшін тіркеу куәлігін өтініш берушіге арнайы пошта байланысы арқылы немесе қолма-қол береді.

Тіркеу куәлігі осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында беріледі.

3-тарау. МО КО пайдаланушысының тіркеу куәлігін сақтау тәртібі

16. ЭЦҚ құру және жою туралы құжаттарды сақтау мерзімі Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушы 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15997 болып тіркелген) бекітілген Сақтау мерзімдері көрсетіле отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

17. ЭЦҚ-ны құру және жою туралы құжаттар он бес жыл өткеннен кейін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 235 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33338

болып тіркелген) Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды ведомстволық және жеке архивтердің қабылдау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидаларына сәйкес архивтік сақтауға түседі.

4-тарау. МО КО пайдаланушысының тіркеу куәлігін кері қайтарып алу тәртібі

18. МО КО мынадай жағдайларда МО КО пайдаланушысының тіркеу куәлігін кері қайтарып алады:

1) тіркеу куәлігі иесінің не оның өкілінің талабы бойынша осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша МО КО пайдаланушысының тіркеу куәлігін кері қайтарып алуға арналған өтініш (бұдан әрі – кері қайтарып алуға өтініш) негізінде;

2) тіркеу куәлігін алған кезде дұрыс емес мәліметтерді не толық емес құжаттар топтамасын беру фактісі анықталған кезде;

3) тіркеу куәлігі иесінің қайтыс болуы;

4) тіркеу куәлігі иесінің тегі, аты немесе әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) өзгерген;

5) тіркеу куәлігінің иесі – заңды тұлғаның атауы ауысса, қайта ұйымдастырылса, таратылса, заңды тұлғаның басшысы ауысса;

6) куәландырушы орталық пен тіркеу куәлігінің иесі арасындағы келісімде көзделген;

7) заңды күшіне енген сот шешімі бойынша тоқтатылады.

19. МО КО пайдаланушыларының тіркеу куәліктерін кері қайтарып алу мынадай тәсілдердің бірімен:

1) офлайн режимінде (оператор қызметкері өтініш берген кезде);

2) онлайн режимінде (өтініш беруші өтініш берген кезде);

3) "Е-қызмет" жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

20. МО КО пайдаланушыларының тіркеу куәліктерін офлайн режимінде кері қайтарып алуды оператор қызметкері ЭҚЖ, пошта немесе арнайы пошта байланысы арқылы жіберілген кері қайтарып алуға өтініш негізінде жүзеге асырады.

21. МО КО пайдаланушыларының тіркеу куәліктерін онлайн режимде кері қайтару:

1) өтініш беруші жұмыс станциясына негізгі ақпарат жеткізгішті қосады;

2) өтініш беруші МО КО пайдаланушысының тіркеу куәлігін кері қайтарып алуға сұрау салуды МО БКО желісі арқылы онлайн өтінім беру жүйесінде өтінім беру жолымен жібереді;

3) өтініш беруші ЭҚЖ арқылы МО КО-ға қайтарып алуға өтінімді жолдайды;

4) Оператордың қызметкері өтініш берушінің хатын алғаннан кейін ұсынылған деректердің толықтығын тексеруді жүзеге асырады және тіркеу куәлігін кері қайтарып алуға сұрау салуды растайды.

22. "Е-қызмет" жүйесі арқылы МО КО пайдаланушыларының тіркеу куәліктерін кері қайтарып алу:

- 1) өтініш беруші жұмыс станциясына негізгі ақпарат жеткізгішті қосады;
- 2) өтініш беруші "Е-қызмет" жүйесі арқылы өтінім береді;
- 3) өтінімге өтініш берушінің ЭЦҚ кілттерімен қол қойылады және МО БКО арқылы "Е-қызмет" жүйесінің иесіне жіберіледі;
- 4) МО КО "Е-қызмет" жүйесінен өтінімді алғаннан кейін МО КО пайдаланушының тіркеу куәлігін қайтарып алады.

23. Куәландырушы орталықтың тіркеу куәлігін кері қайтарып алу тіркеу куәлігін кері қайтарып алуға ресми хатты тіркеген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

24. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына МО КО берген негізгі ақпаратты жеткізгіш мынадай жағдайларда:

- 1) қызметкерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік органынан шығуы;
- 2) негізгі ақпаратты жеткізгіштің істен шығуы;
- 3) қажетсіз МО КО пайдаланушының тіркеу куәлігін қайтарып алған кезде қайтаруға жатады.

25. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары МО КО берген кілтті ақпарат жеткізгішін қайтаруды МО КО пайдаланушының тіркеу куәлігін кері қайтарып алу туралы хатты тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қолма-қол, арнайы немесе пошта байланысы арқылы жүзеге асырады.

26. МО КО кері қайтарылған тіркеу куәліктері туралы мәліметтерді, олардың сериялық нөмірлерін және кері қайтарып алу себебін интернет-ресурста www.usgo.gov.kz мекенжайы бойынша және МО БКО желісінде жариялайды.

5-тарау. Электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау тәртібі

27. Электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау тәртібі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 1187 бұйрығымен бекітілген Электрондық цифрлық қолтаңбаның төлнұсқалығын тексеру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12864 болып тіркелген).

Қазақстан Республикасының
мемлекеттік органдарының
куәландырушы орталығының
тіркеу куәліктерін беру, сақтау,
кері қайтарып алу және
электрондық цифрлық
қолтаңбаның ашық кілтінің
тиесілілігі мен жарамдылығын
растау қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Офлайн режимінде тіркеу куәліктерін алу үшін өтініш

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығында тіркеу куәліктерін мына қызметкерлерге беруді сұраймыз:

Р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты	Жеке сәйкестендіру нөмірі	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Ұйым	Лауазымы	Облыс, қала, аудан	Электрондық пошта мекенжайы (әрекет ету мерзімінің өтуі туралы хабарлау үшін)	Ұялы байланыстың абоненттік нөмірі
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Қосымша: Негізгі ақпаратты жеткізгіштер __ дана

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығы ақпараттық жүйесінің пайдалану туралы келісімімен танысқан; www.usgo.gov.kz интернет-ресурста орналастырылған.

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Мөрге арналған орын

Орындаушының (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және коды көрсетілген

телефон нөмірі (міндетті түрде).

Қазақстан Республикасының
мемлекеттік органдарының
куәландырушы орталығының
тіркеу куәліктерін беру, сақтау,
кері қайтарып алу және
электрондық цифрлық
қолтаңбаның ашық кілтінің
тиесілілігі мен жарамдылығын
растау қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығы пайдаланушыларының тіркеу куәліктерін бір рет алуға немесе кері қайтарып алуға сенімхат

_____, 20__ жылғы "___" _____
(елдімекеннің атауы)

(мемлекеттік органның атауы)

Бизнес сәйкестендіру нөмірі _____,

Заңды мекенжайы: _____

атынан,

Жарғының (Ереженің) негізінде әрекет ететін _____

_____ азаматқа осы
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), туған жылы мен орны, мекенжайы)
сенімхатпен Жеке сәйкестендіру нөмірі _____, Қазақстан
Республикасының мемлекеттік органдарының қызметкерлері үшін мемлекеттік
органдарының куәландырушы орталығына пайдаланушылардың тіркеу куәліктерін
беруге _____ арналған мынадай құжаттарды беруге
(беру немесе кері қайтарып алу) уәкілеттік береді:

1. _____, _____, _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (лауазымы) (қызметкердің қолы)

Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

2. _____, _____, _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (лауазымы) (қызметкердің қолы)

Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Мөрге арналған орын

Қазақстан Республикасының
мемлекеттік органдарының
куәландырушы орталығының
тіркеу куәліктерін беру, сақтау,
кері қайтарып алу және
электрондық цифрлық
қолтаңбаның ашық кілтіннің
тиесілілігі мен жарамдылығын
растау қағидаларына
3-қосымша
Нысан

**Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығы
пайдаланушыларының тіркеу куәліктерін беруді есепке алу журналы**

Р/с №	Мемлекет тік	Тіркеу куәлігі шығарылғ ан пайдалану шының	Тіркеу куәлігінің	Жеткізгіш тің	Алушыны ң тегі, аты, әкесінің	Қолы	Күні
-------	-----------------	-----------------------------------------------------------	----------------------	------------------	-------------------------------------	------	------

	органның атауы	Хаттың нөмірі және күні	тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	шығарылған күні	сериялық нөмірі	аты (бар болған жағдайда)		
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидаларына
4-қосымша

Нысан Өтінім берудің онлайн сервисі арқылы тіркеу куәліктерін алу үшін өтініш

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығында мына қызметкерлерге тіркеу куәліктерін беруді сұраймыз:

Р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты	Жеке сәйкестендіру нөмірі	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (ұйымның)	Ұйым	Лауазымы	Облыс, қала, аудан	Өтінім нөмірі (онлайн берілген кезде толтырылады)	Электрондық поштананың мекенжайы (қолдану мерзімінің өтуі туралы хабарлау үшін)	Ұялы байланыстың абоненттік нөмірі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Қосымша: Негізгі ақпарат жеткізгіштер __ дана

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығы ақпараттық жүйесінің пайдалану туралы келісімімен танысты; www.usgo.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Мөрге арналған орын

Орындаушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және коды көрсетілген телефоны (міндетті түрде)

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау,

кері қайтарып алу және
электрондық цифрлық
қолтаңбаның ашық
кілтiнiң тиесiлiлiгi мен
жарамдылығын растау
қағидаларына
5-қосымша
Нысан

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығының
тіркеу куәлігінің құрылымы (MEMCT 34.310-2004 алгоритмінде)**

Жол	Сипаттамасы	OID, маңыздылығы	Мазмұны
x. 509 V3 тіркеу куәлігінің форматындағы негізгі жолдары			
Version	X. 509 стандартының нұсқасы	–	V3
Serial Number	Тіркеу куәлігінің сериялық нөмірі	–	Оң, бүтін сан (20 байттан артық емес)
Signature Algorithm	Қол қою алгоритмі	1.2.398.3.10.1.1.1.2	MEMCT 34.310-2004
Issuer	Тіркеу куәлігін шығарушының деректері	CN=2.5.4.3 C=2.5.4.6	CN = НЕГІЗГІ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) (міндетті жол); C = KZ (міндетті жол);
Validity from	Қолдану күші басталатын мерзімі	UTC TIME	Ж а р а м д ы : YU MMDDHHMMSSZ UTC
Validity to	Қолдану мерзімінің аяқталу уақыты	UTC TIME	Ж а р а м д ы : YU MMDDHHMMSSZ UTC
Subject	Тіркеу куәлігі иесінің деректері	C=2.5.4.6 CN =2.5.4.3 O=2.5.4.10	CN = Мемлекеттік органдардың куәландырушы орталығы (міндетті жол) O = Қазақстан Республикасы (міндетті жол) C = KZ (міндетті жол)
Public Key	Ашық кілттің мәні (512 бит)	1.2.398.3.10.1.1.1.1 параметрлері бар 1.2.398.3.10.1.1.1.1.1 1.2.398.3.10.1.3.1.1.0	Мәні
Тіркеу куәлігінің x. 509 V3 форматындағы қосымша жолдары			
Subject Key Identifier	Субъект кілтiнiң сәйкестендіргіші	2.5.29.14	Он алтылық форматтағы Сертификаттау орталығының кілті идентификаторының мәні
			Он алтылық форматтағы Сертификаттау

Authority Key Identifier	Сертификаттау орталығы кілтiнiң идентификаторы	2.5.29.35	орталығының кілтi идентификаторының мәні
Basic Constraints	Негізгі шектеулер	2.5.29.19, critical	Субъект түрі = сертификаттау орталығы Жол ұзындығына шектеу = жоқ
Key Usage	Кілтті пайдалану	2.5.29.15, critical	Тіркеу куәлігіне қол қою, кері қайтарып алу тізіміне дербес қол қою (CRL), кері қайтарып алу тізіміне қол қою (CRL) (06)
Certificate Policy	Тіркеу куәлігінің саясаты	2.5.29.32	[1] Саясат тіркеу куәлігін : Идентификатор саясатын =1.2.398.3.2.1 [1,1] Мәліметтер квалификатора саясат: Идентификатор квалификатора саясатын = CPS Квалификатор: http://ucgo.gov.kz/cps
Certificate Authority Information Access	Сертификаттау орталықтары туралы ақпаратқа қол жеткізу	1.3.6.1.5.5.7.1.1	[1] Сертификаттау орталығының ақпаратына қол жеткізу Кіру әдісі = Сертификаттау орталығының провайдері (1.3.6.1.5.5.7.48.2) Қосымша аты: URL= http://root.gov.kz/cert/*.cer
Crl Distribution Points	Тарату тізімдерін қайтарып алу нүктелері	2.5.29.31	[1] Нүкте бөлу тізімді кері қайтарып алу (CRL) Тарату нүктесінің атауы: Толық :URL= http://crl.1.root.gov.kz/gost.crl URL= http://crl.root.gov.kz/gost.crl Кері қайтару тізімінің себебі (CRL)= Сертификат ауыстырылды, тоқтату, тоқтата тұру (0f)
Digital Signature	Сертификаттау орталығының цифрлық қолтаңбасы (512 бит)	1.2.398.3.10.1.1.1.2	Мәні

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығының тіркеу куәлігінің құрылымы (MEMСТ Р 34.10-2015 алгоритмінде)

--	--	--	--

Жол	Сипаттамасы	OID, сыншылдығы	Мазмұны
x. 509 V3 тіркеу куәлігінің форматындағы негізгі жолдары			
Version	X. 509 стандартының нұсқасы	–	V3
Serial Number	Тіркеу куәлігінің сериялық нөмірі	–	Оң, бүтін сан (20 байт)
Signature Algorithm	Қол қою алгоритмі	1.2.398.3.10.1.1.2.3.2	МЕМСТ Р 34.310-2015
Issuer	Тіркеу куәлігін шығарушының деректері	CN=2.5.4.3 C=2.5.4.6	CN = НЕГІЗГІ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) (міндетті жол); C = KZ (міндетті жол);
Validity from	Қолдану күші басталатын мерзімі	UTC TIME	Ж а р а м д ы : YU MMDDHHMMSSZ UTC
Validity to	Қолдану мерзімінің аяқталу уақыты	UTC TIME	Ж а р а м д ы : YU MMDDHHMMSSZ UTC
Subject	Тіркеу куәлігі иесінің деректері	C=2.5.4.6 CN=2.5.4.3 O=2.5.4.10	CN = Мемлекеттік органдардың куәландырушы орталығы (міндетті жол) O = Қазақстан Республикасы (міндетті жол) C = KZ (міндетті жол)
Public Key	Ашық кілттің мәні (1024 бит)	1.2.398.3.10.1.1.2.2	Мәні
Key parameter sets	Ашық кілт параметрі (ҚР СТ МЕМСТ Р 34.10-2015)		Мәні Ашық кілт параметрі- 1.2.398.3.10.1.1.2.2.1 Хэш алгоритмі 1.2.398.3.10.1.3.3
Тіркеу куәлігінің x. 509 V3 форматындағы қосымша жолдары			
Subject Key Identifier	Субъект кілтінің сәйкестендіргіші	2.5.29.14	Он алтылық форматтағы субъект кілтінің сәйкестендіру мәні
Authority Key Identifier	Сертификаттау орталығы кілтінің идентификаторы	2.5.29.35	Он алтылық форматтағы Сертификаттау орталығының кілт сәйкестендірудің мәні
Basic Constraints	Негізгі шектеулер	2.5.29.19, critical	Субъект түрі = сертификаттау орталығы Жол ұзындығына шектеу = жоқ
Key Usage	Кілтті пайдалану	2.5.29.15, critical	Тіркеу куәлігіне қол қою, кері қайтарып алу тізіміне дербес қол қою (CRL), кері қайтарып алу

			тізіміне қол қою (CRL) (06)
Certificate Policy	Тіркеу куәлігінің саясаты	2.5.29.32	[1] Саясат тіркеу куәлігін : Идентификатор саясатын =1.2.398.3.2.1 [1,1] Мәліметтер квалификатора саясат: Идентификатор квалификатора саясатын = CPS Квалификатор: http://ucgo.gov.kz/cps
Certificate Authority Information Access	Сертификаттау орталықтары туралы ақпаратқа қол жеткізу	1.3.6.1.5.5.7.1.1	[1] Сертификаттау орталығының ақпаратына қол жеткізу Кіру әдісі = Сертификаттау орталығының провайдері (1.3.6.1.5.5.7.48.2) Қосымша аты: URL= http://root.gov.kz/cert/*.cer
Crl Distribution Points	Тарату тізімдерін қайтарып алу нүктелері	2.5.29.31	[1] Нүкте бөлу тізімді кері қайтарып алу (CRL) Тарату нүктесінің атауы: Толық: URL= http://crl.root.gov.kz/*.crl
Digital Signature	Сертификаттау орталығының цифрлық қолтаңбасы (1024 бит)	1.2.398.3.10.1.1.2.3.2	Мәні

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығының пайдаланушылары үшін тіркеу куәлігінің құрылымы (МЕМСТ 34.310-2004 алгоритмінде қол қою және аутентификация үшін)

Түрі	Сипаттамасы	Мәні	Міндеттілігі/Маңыздылығы
Version	Нұсқасы	V3	Иә / маңызды емес
Serial Number	Сериялық нөмірі	Бүтін санның он алты санмен белгіленген мәні	Иә / маңызды емес
Signature Algorithm	Қол қою алгоритмі	МЕМСТ 34.310-2004	Иә / маңызды емес
Issuer	Шығарушы (бірегей аты)	CN = Мемлекеттік органдардың куәландырушы орталығы O = Қазақстан Республикасы C = KZ	Иә / маңызды емес
Valid From	" " бастап жарамды	күні/айы/жыл сағаты/ минуты/секунды	Иә / маңызды емес
Valid To	" " дейін жарамды	күні/айы/жыл сағаты/ минуты/секунды	Иә / маңызды емес

Subject	Субъект (бірегей атауы)	<p>CN = ТЕГІ АТЫ П = ӘКЕСІНІҢ АТЫ (толтыру міндетті емес) SERIALNUMBER= VINXXXXXXXXXXXX SURNAME = Тегі (толтыру міндетті емес) Phone = + (толтыру міндетті емес) 7XXXXXXXXXXXX (толтыру міндетті емес) E = электрондық пошта (толтыру міндетті емес) OU = BINXXXXXXXXXXXX S = АЙМАҚ C = KZ</p>	Иә / маңызды емес
Public Key	Ашық кілт	<p>1.2.398.3.10.1.1.1.1 параметрлерімен 1.2.398.3.10.1.1.1.1.1 1.2.398.3.10.1.1.1.1.2</p>	Иә / маңызды емес
Key Usage	Кілттерді пайдалану	Цифрлық қолтаңба, бас тарту, Кілттерді шифрлау (міндетті емес)	Иә / маңызды емес
Certificate Policy	Тіркеу куәлігінің саясаты	<p>[[1]Сертификаттау саясаты: Сәйкестендіру саясаты= 1.2.398.3.2.1 [1,1]Саясат жіктеуішінің мәліметтері: Идентификатор жіктеуіші саясат= CPS Квалификатор: URL=http://ucgo.gov.kz/cps</p>	Иә / маңызды емес
Authority Information Access	Сертификаттау орталығының мәліметтеріне қол жеткізу	<p>[1]Қол жеткізу әдісі = Сертификаттау орталығының жеткізушісі (1.3.6.1.5.5.7.48.2) Қосымша аты: URL=http://ukho.gov.kz/cert/*.cer [2]Сертификаттау орталығының мәліметтеріне қол жеткізу Қол жеткізу әдісі = желі арқылы сертификат күйін анықтау Хаттамасы (1.3.6.1.5.5.7.48.1) Қосымша аты:</p>	Иә / маңызды емес

		URL=http:// ocsp.ucgo.gov.kz	
CRL Distribution Point	Кері қайтарып алу тізімдерін тарату нүктесі	[1] Кері қайтару тізімін бөлу нүктесі (CRL) Тарату нүктесінің атауы: Толық аты: URL=http:// crl.ukho.gov.kz/crl/*.crl	Иә / маңызды емес
Subject Key Identifier	Субъект кілтінің идентификаторы	Тіркеу куәлігінің сериялық нөмірі	Иә / маңызды емес
Certificate Authority Key Identifier	Сертификаттау орталығы кілтінің идентификаторы	Кілт идентификаторы = сериялық нөмір Сертификат жеткізушісі: Каталог адресі: CN = Мемлекеттік органдардың куәландырушы орталығы O = Қазақстан Республикасы C = KZ Сертификаттың сериялық нөмірі = Сериялық нөмірі	Иә / маңызды емес
1.2.398.3.10.1.2	Екілік деректер	Он алтылық көріністер (міндетті емес)	Жоқ / маңызды емес

Мемлекеттік органдардың куәландырушы орталығының пайдаланушылары үшін тіркеу куәлігінің құрылымы (ҚР СТ МЕМСТ Р 34.10-2015 алгоритміне қол қою және сәйкестендіру үшін)

Түрі	Сипаттамасы	Мәні	Міндеттілігі/ Маңыздылығы
Version	Нұсқасы	V3	Иә / маңызды емес
Serial Number	Сериялық нөмірі	Бүтін санның он алты санмен белгіленген мәні	Иә / маңызды емес
Signature Algorithm	Қол қою алгоритмі	ҚР СТ МЕМСТ Р 34.10-2015	Иә / маңызды емес
Issuer	Шығарушы (бірегей аты)	CN = Мемлекеттік органдардың куәландырушы орталығы O = Қазақстан Республикасы C = KZ	Иә / маңызды емес
Valid From	“ “ бастап жарамды	күні/айы/жыл сағаты/ минуты/секунды	Иә / маңызды емес
Valid To	“ “ дейін жарамды	күні/айы/жыл сағаты/ минуты/секунды	Иә / маңызды емес
		CN = ТЕГІ АТЫ П = ӘКЕСІНІҢ АТЫ (толтыру міндетті емес)	

Subject	Субъект (бірегей атауы)	SERIALNUMBER= VINXXXXXXXXXXXX SURNAME = Teri (толтыру міндетті емес) P h o n e = + 7XXXXXXXXXXXX (толтыру міндетті емес) E = электрондық пошта (толтыру міндетті емес) O U = BINXXXXXXXXXXXX S = АЙМАҚ C = KZ	Иә / маңызды емес
Public Key	Ашық кілт	1.2.398.3.10.1.1.2.2 с параметрами 1.2.398.3.10.1.1.2.2.1	Иә / маңызды емес
Key Usage	Кілттерді пайдалану	Цифрлық қолтаңба, бас тарту, Кілттерді шифрлау (e0)	Иә / маңызды емес
Certificate Policy	Тіркеу куәлігінің саясаты	[[1]Сертификаттау саясаты: Сәйкестендіру саясаты= 1.2.398.3.2 [1,1]Саясат жіктеуішінің мәліметтері: Идентификатор жіктеуіші саясат= CPS Квалификатор: URL=http://ucgo.gov.kz/cps	Иә / маңызды емес
Authority Information Access	Сертификаттау орталығының мәліметтеріне қол жеткізу	[1]Қол жеткізу әдісі = Сертификаттау орталығының жеткізушісі (1.3.6.1.5.5.7.48.2) Қосымша аты: URL=http://ukho.gov.kz/cert/*.cer [2]Сертификаттау орталығының мәліметтеріне қол жеткізу Қол жеткізу әдісі = желі арқылы сертификат күйін анықтау Хаттамасы (1.3.6.1.5.5.7.48.1) Қосымша аты: URL=http://ocsp.ucgo.gov.kz	Иә / маңызды емес
		[1] Кері қайтару тізімін бөлу нүктесі (CRL) Тарату нүктесінің атауы:	

CRL Distribution Point	Кері қайтарып алу тізімдерін тарату нүктесі	Толық аты: URL=http:// crl.ukho.gov.kz/crl/*.crl	Иә / маңызды емес
Subject Key Identifier	Субъект кілтінің идентификаторы	Тіркеу куәлігінің сериялық нөмірі	Иә / маңызды емес
Certificate Authority Key Identifier	Сертификаттау орталығы кілтінің идентификаторы	Кілт идентификаторы = сериялық нөмір Сертификат жеткізушісі: Каталог адресі: CN = Мемлекеттік органдардың куәландырушы орталығы O = Қазақстан Республикасы C = KZ Сертификаттың сериялық нөмірі = Сериялық нөмірі	Иә / маңызды емес
1.2.398.3.10.1.2	Екілік деректер	Он алтылық көріністер (міндетті емес)	Жоқ / маңызды емес

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидаларына
6-қосымша
Нысан

МЕМСТ 34.310-2004 алгоритмінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығында алынған VPN құрылғыларына арналған тіркеу куәлігінің құрылымы

Түрі	Сипаттамасы	Мәні	Міндеттілігі/ Маңыздылығы
Version	Нұсқасы	V3	Иә / маңызды емес
Serial Number	Сериялық нөмірі	Бүтін санның он алты санмен белгіленген мәні	Иә / маңызды емес
Signature Algorithm	Қол қою алгоритмі	МЕМСТ 34.310-2004	Иә / маңызды емес
Issuer	Шығарушы (бірегей аты)	CN = Мемлекеттік органдардың куәландырушы орталығы O = Қазақстан Республикасы C = KZ	Иә / маңызды емес
Valid From	" " бастап жарамды	күні/айы/жыл сағаты/ минуты/секунды	Иә / маңызды емес

		URL=http://ucgo.gov.kz/cps	
Subject Key Identifier	Субъект кілтінің идентификаторы	Тіркеу куәлігінің сериялық нөмірі	Иә / маңызды емес
Certificate Authority Key Identifier	Сертификаттау орталығы кілтінің идентификаторы	Кілт идентификаторы = сериялық нөмірі	Иә / маңызды емес

ҚР СТ МЕМСТ Р 34.10-2015 алгоритмінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығында алынған VPN құрылғыларына арналған тіркеу куәлігінің құрылымы

Түрі	Сипаттамасы	Мәні	Міндеттілігі/ Маңыздылығы
Version	Нұсқасы	V3	Иә / маңызды емес
Serial Number	Сериялық нөмірі	Бүтін санның он алты санмен белгіленген мәні	Иә / маңызды емес
Signature Algorithm	Қол кою алгоритмі	ҚР СТ МЕМСТ Р 34.10-2015	Иә / маңызды емес
Issuer	Шығарушы (бірегей аты)	CN = Мемлекеттік органдардың куәландырушы орталығы O = Қазақстан Республикасы C = KZ	Иә / маңызды емес
Valid From	" " бастап жарамды	күні/айы/жыл сағаты/ минуты/секунды	Иә / маңызды емес
Valid To	" " дейін жарамды	күні/айы/жыл сағаты/ минуты/секунды	Иә / маңызды емес
Subject	Субъект (бірегей атауы)	CN = ОБЛЫСТЫҢ АТАУЫ O U = VPN_XXXXXXXXXXXX X S = АЙМАҚ C = KZ	Иә / маңызды емес
Public Key	Ашық кілт	1.2.398.3.10.1.1.2.2 параметрлерімен 1.2.398.3.10.1.1.2.2	Иә / маңызды емес
Key Usage	Кілттерді пайдалану	Цифрлық қолтаңба, бұлтартпаушылық, Кілтті сәйкестендіру (міндетті емес)	Иә / маңызды емес
CRL Distribution Point	Кері қайтарып алу тізімдерін тарату нүктесі	[1] Кері қайтару тізімін бөлу нүктесі (CRL) Тарату нүктесінің атауы: Толық аты: URL=http:// crl.ukho.gov.kz/crl/*.crl	Иә / маңызды емес
		[1]Қол жеткізу әдісі = Сертификаттау	

Authority Information Access	Сертификаттау орталығының мәліметтеріне қол жеткізу	орталығының жеткізушісі (1.3.6.1.5.5.7.48.2) Қосымша аты: URL=http://ukho.gov.kz/cert/*.cer [2]Сертификаттау орталығының мәліметтеріне қол жеткізу Қол жеткізу әдісі = желі арқылы сертификат күйін анықтау Хаттамасы (1.3.6.1.5.5.7.48.1) Қосымша аты: URL=http://ocsp.ucgo.gov.kz	Иә / маңызды емес
Certificate Policy	Тіркеу куәлігінің саясаты	[[1]Сертификаттау саясаты: Сәйкестендіру саясаты=1.2.398.3.2 [1,1]Саясат жіктеуішінің мәліметтері: Идентификатор жіктеуіші саясат= CPS Квалификатор: URL=http://ucgo.gov.kz/cps	Иә / маңызды емес
Subject Key Identifier	Субъект кілтінің идентификаторы	Тіркеу куәлігінің сериялық нөмірі	Иә / маңызды емес
Certificate Authority Key Identifier	Сертификаттау орталығы кілтінің идентификаторы	Кілт идентификаторы = сериялық нөмірі	Иә / маңызды емес

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидаларына
7-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін кері қайтарып алуға өтініш

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын куәландырушы орталығында мына қызметкерлердің тіркеу куәліктерін кері қайтарып алуды сұраймыз:

№	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Жеке сәйкестендіру нөмірі	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (ұйым)	Ұйым

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

Қосымша: негізгі ақпаратты тасымалдағыш ____ дана.

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Мөрге арналған орын

Орындаушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және коды көрсетілген телефон нөмірі

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және
даму министрінің м. а.
2015 жылғы 26 маусымдағы
№ 727 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтіннің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 01.12.2023 № 595/НҚ (30.04.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтіннің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 1-тармағының 12) тармақшасына (бұдан әрі – Заң), " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 5-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтіннің тиесілілігі мен жарамдылығын растау, сонымен қатар "Қазақстан Республикасының ұлттық куәландыру орталығының тіркеу куәлігін беру және қайтарып алу" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді

электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) ақпаратты криптографиялық қорғау құралы (бұдан әрі – АКҚК) – криптографиялық түрлендіру алгоритмдерін, шифрлау кілттерін құруды, қалыптастыруды, бөлуді немесе басқаруды іске асыратын бағдарламалық қамтылым немесе бағдарламалық-аппараттық кешен;

3) биометриялық сәйкестендіру – адамның жеке басын оның бірегей биометриялық параметрлері негізінде анықтау процедурасы;

4) бұлтты электрондық цифрлық қолтаңба – куәландырушы орталықтың HSM-де пайдаланушылардың электрондық цифрлық қолтаңбасының жабық кілттерін жасауға, пайдалануға және сақтауға мүмкіндік беретін куәландырушы орталықтың ақпараттық жүйесі, мұнда жеке кілтке қол жеткізуді пайдаланушы кемінде екі, олардың бірі биометриялық аутентификация факторы арқылы жүзеге асырады;

5) бірлескен кәсіпкерлік – өздеріне ортақ меншік құқығымен тиесілі мүлік базасында, сондай-ақ Кәсіпкерлік кодекстің 32-бабына сәйкес мүлікті бірлесіп пайдалануға және (немесе) оған билік етуге жол беретін өзге де құқыққа байланысты қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар (дара кәсіпкерлер) тобы.

6) есептеу техникасы құралдары – дербес немесе басқа жүйелер құрамында жұмыс істеуге қабілетті деректерді өңдеу жүйелерінің бағдарламалық және техникалық элементтерінің жиынтығы;

7) интернет-ресурс rki.gov.kz (бұдан әрі – портал) – "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы тіркеу куәліктерін шығаруға өтініштерді қабылдауды және нәтижелерді беруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы куәландырушы орталығының интернет-ресурсы;

8) кері қайтарып алынған тіркеу куәлігі – қолданылуы осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен тоқтатылған ұлттық куәландырушы орталық берген тіркеу куәлігі;

9) кері қайтарып алынған тіркеу куәліктерінің тізімі (бұдан әрі – АЖҚС) – күші тоқтатылған тіркеу куәліктері туралы мәліметтерді, олардың сериялық нөмірлерін, кері қайтарып алу (жою) күні мен себебін қамтитын тіркеу куәліктері тіркелімінің бір бөлігі ;

10) Қазақстан Республикасының ұлттық куәландырушы орталығы (бұдан әрі – ҰКО) – мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерде электрондық құжаттарды қалыптастыру үшін жеке немесе заңды тұлғаларға электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын және тіркеу куәліктерін беретін куәландырушы орталық;

11) қашықтан сәйкестендіру – мобильді азаматтар базасында тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөміріне жіберілген биометриялық сәйкестендіру, сондай-ақ берілген бір реттік пароль негізінде жеке басын анықтау рәсімі;

12) объектілік сәйкестендіргіш (бұдан әрі – OID) – ақпараттық жүйе объектісімен байланысты және оны объектілердің әлемдік мекенжай кеңістігінде бір мәнді сәйкестендіретін цифрлардың бірегей жиынтығы;

13) түйінді ақпаратты тасымалдаушы – электрондық цифрлық қолтаңбаның сақталатын жабық кілттерін қорғау үшін Қазақстан Республикасының ұлттық стандартының талаптарына сәйкес 1073-2007 "Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары. Жалпы техникалық талаптар" (2-деңгей) сертификаты бар АКҚҚ пайдаланылатын арнайы тасымалдаушы;

14) тіркеу куәлігі – куәландырушы орталық электрондық цифрлық қолтаңбаның Заңда белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін беретін электрондық құжат;

15) тіркеу куәлігінің иесі – атына тіркеу куәлігі берілген, тіркеу куәлігінде көрсетілген ашық кілтке сәйкес келетін жабық кілтті заңды түрде иеленетін жеке немесе заңды тұлға;

16) тіркеу куәлігінің үлгісі (бұдан әрі – үлгі) – объектілік сәйкестендіргішпен берілген тіркеу куәлігінің құрылымы;

17) тіркеу орталығы (бұдан әрі – ТО) – өтінішті қабылдауды және "Қазақстан Республикасы ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәлігін беру және кері қайтарып алу" мемлекеттік қызметін көрсету нәтижесін беруді жүзеге асыратын ұйым (ЭҮП қоспағанда);

18) электрондық құжат айналымының жүйесі (бұдан әрі – ЭҚЖ) – қатысушылар арасындағы қатынастар заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттелетін электрондық құжаттармен алмасу жүйесі;

19) электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушы – электрондық құжаттарды жинау, өңдеу, сақтау, беру, іздеу және тарату процестеріне қатысатын жеке немесе заңды тұлға, мемлекеттік орган немесе лауазымды тұлға;

20) электрондық тасымалдағыш – ақпаратты электрондық нысанда сақтауға, сондай-ақ техникалық құралдардың көмегімен жазуға немесе оны жаңғыртуға арналған материалдық жеткізгіш;

21) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – ЭҮП) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің электрондық нысанда көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болып табылатын ақпараттық жүйе;

22) "Электрондық үкіметтің" мобильдік қосымшасы (бұдан әрі – мобильді қосымша) – ұялы байланыстың абоненттік құрылғысында орнатылған және іске қосылған және ұялы байланыс және интернет арқылы электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер мен өзге де қызметтерге қол жеткізуді ұсынатын бағдарламалық өнім;

23) электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті – тіркеу куәлігінің иесіне белгілі және электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып, электрондық цифрлық қолтаңбаны жасауға арналған электрондық цифрлық нышандар дәйектілігі.

24) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының тұрақтылығын растайтын электрондық цифрлық таңбалардың жиынтығы;

25) ЭЦҚ құралдары – ЭЦҚ-ның түпнұсқалығын жасау және тексеру үшін пайдаланылатын бағдарламалық және техникалық құралдардың жиынтығы;

26) Secure Sockets Layer (бұдан әрі – SSL) – интернетте ақпараттың қорғалып берілуін қамтамасыз ететін криптографиялық хаттама болып табылатын қорғалған сокеттердің деңгейі;

2-тарау. Тіркеу куәліктерін беру тәртібі

3. Тіркеу куәлігі мынадай үлгілер бойынша беріледі:

1) Жеке тұлғалар үшін:

жеке тұлға;

бұлтты ЭЦҚ;

жеке тұлғаның SSL;

жеке тұлғаның ақпараттық жүйесі.

2) Заңды тұлғалардың немесе бірлескен кәсіпкерлік:

бірінші басшы немесе бірлескен кәсіпкерліктің уәкілетті тұлғасы;

қол қою құқығы бар қызметкері;

ұйымының қызметкері;

"Қазынашылық – Клиент" ақпараттық жүйесінің қатысушысы;

заңды тұлғаның SSL;

заңды тұлғаның ақпараттық жүйесі.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәлігін беру және кері қайтарып алу" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Тіркеу куәліктерін беру мынадай тәсілдермен жүзеге асырылады:

Мемлекеттік корпорация арқылы тіркеу куәлігін алу үшін көрсетілетін қызметті алушы порталда өтінім нысанын толтырады. ЭЦҚ-ның жабық кілттері микросхеманы (жеке тұлғаларға), есептеу техникасы құралдарын немесе көрсетілетін қызметті алушының негізгі ақпарат жеткізгішін қамтитын жеке куәлікке жасалады. Өтінімді растауды осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушыдан

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес қажетті құжаттар топтамасы ұсынылғаннан кейін Мемлекеттік корпорацияның қызметкері жүзеге асырады.

тіркеу куәлігін порталдың жеке кабинеті (бұдан әрі – жеке кабинет) арқылы алу үшін көрсетілетін қызметті алушы өтінімді толтырады және оған қолданыстағы ЭЦҚ жабық кілтімен қол қояды. ЭЦҚ-ның жабық кілттері микросхеманы (жеке тұлғаларға), есептеу техникасы құралдарын немесе көрсетілетін қызметті алушының негізгі ақпарат жеткізгішін қамтитын жеке куәлікке жасалады. Тіркеу куәліктерін беру ТО-ға құжаттар топтамасын ұсынбай жүргізіледі.

тіркеу куәлігін қашықтықтан сәйкестендіру арқылы алу үшін көрсетілетін қызметті алушы порталда немесе ЭҮП-да өтінім нысанын толтырады. ЭЦҚ-ның жабық кілттері микросхеманы (жеке тұлғаларға), есептеу техникасы құралдарын, көрсетілетін қызметті алушының негізгі ақпаратын жеткізгішті, бұлтты сақтауды (бұлтты ЭЦҚ) қамтитын жеке куәлікке жасалады. Тіркеу куәліктерін беру ТО-ға құжаттар топтамасын ұсынбай жүргізіледі.

4. ТО арқылы ҰКО тіркеу куәлігін беру шарттары:

1) тіркеу куәлігін алу үшін "жеке тұлға" үлгісі бойынша жеке тұлға ТО-ға Тізбеде көрсетілген құжаттарды ұсынады;

2) тіркеу куәлігін алу үшін "бірлескен кәсіпкерліктің бірінші басшысы немесе уәкілетті тұлғасы" "қол қою құқығы бар қызметкер" "ұйым қызметкері" үлгісі бойынша бірлескен кәсіпкерліктің уәкілетті тұлғасы Тізбеде көрсетілген құжаттарды ТО-ға ұсынады;

3) "бірлескен кәсіпкерліктің бірінші басшысы немесе уәкілетті тұлғасы", "қол қою құқығы бар қызметкер" немесе "ұйым қызметкері" үлгілері бойынша тіркеу куәлігін алу үшін заңды тұлға Тізбеде көрсетілген құжаттарды ТО-ға ұсынады;

4) "жеке тұлғаның SSL" үлгісі бойынша тіркеу куәлігін алу үшін интернет-ресурстың домендік атауының иесі – жеке тұлға порталда өтінім береді және Тізбеде көрсетілген құжаттарды ТО-ға ұсынады.

Құжаттарды қабылдап және ТО өтінімді растағаннан кейін қызметті беруші:

көрсетілетін қызметті алушыға домендік атаудың тиесілігін;

домендік атауды толтырудың дұрыстығын;

домендік атаудың жарамдылық мерзімін;

домендік атаудың .KZ және .ҚАЗ аймақтарында тіркелуін тексереді.

Өтінімді сәтті тексерген кезде көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінімді растайды. Өтінім осы тармақта көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

5) "заңды тұлғаның SSL" үлгісі бойынша тіркеу куәлігін алу үшін заңды тұлға – интернет-ресурстың домендік атауының иесі порталда өтінім береді.

Өтінім берілгеннен және оны заңды тұлғаның бірінші басшысы растағаннан кейін осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші:

- көрсетілетін қызметті алушыға домендік атаудың тиесілігін;
- домендік атауды толтырудың дұрыстығын;
- көрсетілетін қызметті алушының заңды мекенжайын;
- домендік атаудың жарамдылық мерзімін;
- домендік атаудың .KZ және .ҚАЗ аймақтарында тіркелуін тексереді.

Өтінімді сәтті тексерген кезде көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінімді растайды. Өтінім осы тармақта көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

6) "Қазынашылық – клиент" ақпараттық жүйесінің қатысушысы" үлгісі бойынша тіркеу куәлігін алу үшін заңды тұлға ТО-ға Тізбеде көрсетілген құжаттарды ұсынады;

7) "жеке тұлға" үлгісі бойынша тіркеу куәлігін алу үшін резидент емес жеке тұлға ТО-ға Тізбеде көрсетілген құжаттарды ұсынады;

8) "бірлескен кәсіпкерліктің бірінші басшысы немесе уәкілетті тұлғасы", "қол қою құқығы бар қызметкер" немесе "ұйым қызметкері" үлгілері бойынша тіркеу куәлігін алу үшін резидент емес заңды тұлға Тізбеде көрсетілген құжаттарды ТО-ға ұсынады;

9) "жеке тұлғаның ақпараттық жүйесі" үлгісі бойынша тіркеу куәлігін алу үшін жеке тұлға өтінімді жеке тұлғаның жеке кабинеті арқылы береді және оған қолданыстағы ЭЦҚ жабық кілтімен қол қояды. Тіркеу куәліктерін беру осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

10) "заңды тұлғаның ақпараттық жүйесі" үлгісі бойынша тіркеу куәлігін алу үшін заңды тұлғаның бірінші басшысы өтінімді жеке кабинет арқылы береді және оған қолданыстағы ЭЦҚ жабық кілтімен қол қояды. Тіркеу куәліктерін беру осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

5. "Қол қою құқығы бар қызметкер", "ұйым қызметкері", "заңды тұлғаның SSL", "Қазынашылық – Клиент" ақпараттық жүйесінің қатысушысы" үлгісі бойынша тіркеу куәлігін алу үшін мемлекеттік корпорацияға жүгінгенге дейін және/немесе осы Қағидалардың 7-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші өтінімді қарағанға дейін заңды тұлғаның (филиалдың, өкілдіктің), резидент емес заңды тұлғаның бірінші басшысы, бірлескен кәсіпкерліктің уәкілетті тұлғасы немесе өтінімдерді растау құқығы берілген қызметкер оны куәландыру арқылы қызметкерлер үшін ҰКО тіркеу куәлігін беруге өтінімді Жеке кабинетте өзінің ЭЦҚ-сы арқылы растайды.

6. Бірлескен кәсіпкерліктің бірінші басшысының немесе уәкілетті тұлғасының жеке кабинеті арқылы қызметкерге ҰКО тіркеу куәліктерін беруге өтінімдерді растау құқығын беру мүмкіндігі бар. Бұл ретте уәкілетті қызметкерге "қол қою құқығы бар қызметкер" үлгісі бойынша тіркеу куәлігін алдын ала алу қажет.

7. Құжаттарды қабылдағаннан кейін және ТО мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінімді растағаннан кейін көрсетілетін қызметті беруші өтінімнің осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексереді. Өтінім осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келген кезде көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуге өтінімді растайды. Өтінім осы Қағидаларға сәйкес келмеген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

8. ТО-ға жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға тіркеу куәлігін беруді ҰКО Тізбеде көрсетілген құжаттарды ұсынғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Тіркеу куәлігін жеке кабинет арқылы беруді ЭЦҚ жабық кілтімен қол қойылған электрондық құжат нысанында өтінім келіп түскеннен кейін бір жұмыс күні ішінде ҰКО жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушыны қашықтықтан сәйкестендіру кезінде тіркеу куәлігін беруді ҰКО көрсетілетін қызметті алушыны сәтті сәйкестендіргеннен және өтінім бергеннен кейін бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Тіркеу куәлігін беру осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес ҰКО тіркеу куәлігінің құрылымы бойынша электрондық құжат нысанында жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы парольге қойылатын мынадай талаптарға сәйкес ЭЦҚ жабық кілтіне пароль орнатады:

күпия сөздің ұзындығы кемінде 8 таңба болуы керек;

пароль таңбаларының ішінде әріптік латын таңбалары бар;

парольде үш әріптен немесе алфавиттік және сандық қатардағы сандардан артық дәйекті түрде көрсетілмеген;

сандар және (немесе) арнайы таңбалар.

10. Көрсетілетін қызметті алушы Тізбеде көрсетілген құжаттарды ТО-ға ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы электрондық құжат нысанында портал немесе ЭҮП арқылы тіркеу куәлігін алуға берген өтінім өтінім берілген сәттен бастап бір ай өткен соң күшін жояды.

11. Тіркеу куәлігін тіркеу тіркеу куәліктерінің тізілімінде тіркеу куәлігінің мазмұнын құрайтын жазбаларды (мәліметтерді) қалыптастыру жолымен жүзеге асырылады. Айрықша ерекшеліктер үшін ҰКО тіркеу куәлігіне OID береді.

12. Тізбеге сәйкес өтініштер мен құжаттардың көшірмелерін қабылдау кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкері мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі мәліметтері бар құжаттарды деректердің толықтығын тексереді және құжаттардың негізгі топтамасына тіркейді.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушының немесе көрсетілетін қызметті алушының өкілінің цифрлық құжаттар сервисінен (сәйкестендіру

үшін) жеке басын куәландыратын құжатты не электрондық құжатты (сенімхат бойынша) мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі мәліметтермен салыстырып тексереді, содан кейін оны көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Көрсетілетін қызметті алушының өкілі нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша мүдделерін білдірген кезде Мемлекеттік корпорацияның қызметкері деректердің толықтығына сенімхатты тексереді, сенімхаттың көшірмесін және оның аудармасын (бар болса) түсіріп құжаттардың негізгі топтамасына тіркейді, одан кейін түпнұсқасын көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады. Сенімхат электрондық түрде берілген жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері сенімхаттың деректердің толықтығын тексереді және мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі мәліметтермен салыстырып тексереді, содан кейін құжаттардың негізгі топтамасына электрондық сенімхаттың көшірмесін басып шығарады және тіркейді.

Көрсетілетін қызметті алушының өкілі ұйымның мөрімен куәландырылған заңды тұлғаның сенімхаты бойынша мүдделерін білдірген кезде Мемлекеттік корпорацияның қызметкері деректердің толықтығына және оның аудармасына (бар болса) сенімхатты тексеріліп, құжаттардың негізгі топтамасына тіркейді.

Тазартулары, тіркеулері, сызылған сөздері және өзге де келісілмеген түзетулері бар құжаттар қабылданбайды.

13. ТО қызметкері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден жеке басын куәландыратын құжаттар, құрылтай құжаттары, заңды тұлғаны, бірлескен кәсіпкерлікті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамалар немесе куәліктер туралы мәліметтерді, сондай-ақ заңды тұлғаның бірінші басшысы немесе бірлескен кәсіпкерліктің уәкілетті тұлғасы туралы ақпаратты алады.

14. Тізбеге сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіз болған кезде ТО қызметкері мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған кезде көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметті алу үшін қайта жүгінеді.

15. Көрсетілетін қызметті беруші немесе Мемлекеттік корпорацияның қызметкері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім алады.

16. Микросхемасы немесе негізгі ақпарат тасымалдаушысы бар жеке куәлікке шығарылған тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі ол берілген сәттен бастап үш жылды құрайды.

Есептеу техникасы құралдарына, электрондық тасығышқа немесе мобильді қосымшаға шығарылған тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі ол берілген сәттен бастап

бір жылды құрайды. Бұл қағида "Жеке тұлғаның ақпараттық жүйесі" немесе "заңды тұлғаның ақпараттық жүйесі" үлгісі бойынша шығарылған, қолданылу мерзімі үш жылды құрайтын тіркеу куәлігіне қолданылмайды.

Көрсетілетін қызметті алушының тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі ҰКО тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімінен аспайды.

3-тарау. ҰКО берген тіркеу куәліктерін сақтау тәртібі

17. ЭЦҚ құру және жою туралы құжаттарды сақтау Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушы 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15997 болып тіркелген) бекітілген Сақтау мерзімін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

18. ЭЦҚ құру және жою туралы құжаттарды сақтау он бес жыл өткеннен кейін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 235 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33338 болып тіркелген) Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды ведомстволық және жеке архивтердің қабылдау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидаларына сәйкес архивтік сақтауға түседі.

4-тарау. Тіркеу куәлігін кері қайтарып алу тәртібі

19. Қолданыстағы тіркеу куәлігі тіркеу куәлігі иесінің Тізбеде көрсетілген құжаттарды ұсынуы негізінде көрсетілетін қызметті алушының ТО жүгінуі арқылы кері қайтарып алынады.

20. Қолданыстағы ҰКО тіркеу куәлігі ашық кілтті қамтитын және тіркеу куәлігі иесінің ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу негізінде жеке кабинет немесе ЭҮП арқылы кері қайтарып алынады.

21. ҰКО тіркеу куәліктерін олардың қолданылу мерзімі өткенге дейін келесі жағдайларда кері қайтарып алады:

- 1) тіркеу куәлігі иесінің не оның өкілінің талап етуі бойынша жүргізіледі;
- 2) тіркеу куәлігін алу кезінде дәйексіз мәліметтерді ұсыну не құжаттардың толық емес топтамасын ұсыну фактісі анықталған кезде;
- 3) тіркеу куәлігі иесінің қайтыс болуы;
- 4) тіркеу куәлігі иесінің тегі, аты немесе әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) өзгерген жағдайларда тоқтатылады;
- 5) тіркеу куәлігінің иесі-заңды тұлғаның атауы ауысқан, қайта ұйымдастырылған, таратылған, заңды тұлға басшысы ауысқан жағдайларда жүзеге асырылады;

6) куәландырушы орталық пен тіркеу куәлігінің иесі арасындағы келісімде көзделген жағдайларда жүргізіледі;

7) заңды күшіне енген сот шешімі бойынша жүргізіледі.

Портал жұмысында техникалық ақаулар болған жағдайда, тіркеу куәліктерін кері қайтарып алу портал жұмысы қалпына келтірілгенге дейін тоқтатыла тұрады.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 1) тармақшасын қоспағанда, осы тармақта көрсетілген жағдайлардың бірі басталған кезде көрсетілетін қызметті алушыдан тіркеу куәліктерін кері қайтарып алуды жүргізеді.

22. ҰКО тиісті ақпаратты алған сәттен бастап бір күн ішінде тіркеу куәлігінің күшін тоқтату туралы тіркеу куәліктерінің тіркеліміне тіркеу куәлігін кері қайтарып алу күнін , себебі мен уақытын көрсете отырып, жазба енгізеді.

23. Көрсетілетін қызметті алушы ТО жүгініп және Тізбеде көрсетілген тиісті құжаттарды ұсынғаннан кейін тіркеу куәлігін кері қайтарып алу бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

24. Тіркеу куәлігін жеке кабинет немесе ЭҮП арқылы кері қайтарып алу ашық кілтті қамтитын электрондық құжат нысанындағы сұрау салу келіп түскеннен кейін, иеленушіде қолданыстағы тіркеу куәлігі болған кезде бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

25. ҰКО порталда кері қайтарып алынған тіркеу куәліктері туралы мәліметтерді, олардың сериялық нөмірлерін, ҚТКТ-да кері қайтарып алу күні мен себебін жариялайды, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының электрондық поштасының мекенжайына (тіркеу куәлігінде болған жағдайда) тіркеу куәлігін сәтті кері қайтарып алу туралы хабарлама жібереді, бұл ретте ҰКО осы хабарламаны көрсетілетін қызметті алушыға жеткізуге жауапты болмайды.

5-тарау. Электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау тәртібі

26. Электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау тәртібі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 1187 бұйрығымен бекітілген Электрондық цифрлық қолтаңбаның төлнұсқалығын тексеру қағидаларына сәйкес жүзеге асады. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12864 болып тіркелген).

6-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

27. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Шағым Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 91-бабының 4-тармағына сәйкес келіп түскен жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші оны келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) жібереді. Көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) үш жұмыс күні ішінде қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда шағымды жібермейді.

28. Көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

көрсетілетін қызметті берушіге – тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде; мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға – ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

29. Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі. Егер заңда жоғары тұрған органға шағымдану қажеттілігінсіз сотқа жүгіну мүмкіндігі көзделген жағдайда, әкімшілік орган, әкімшілік әрекеті (әрекетсіздігі) дауланатын лауазымды адам, әкімшілік акті сотқа кері қайтарып алумен қатар жоғары тұрған әкімшілік орган басшысының, лауазымды адамның уәжді ұстанымын ұсынады.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық куәландырушы
орталығының тіркеу куәліктерін
беру, сақтау, кері қайтарып алу
және электрондық цифрлық
қолтаңбаның ашық кілтінің
тиесілілігі мен жарамдылығын
растау қағидаларына
1-қосымша

"Қазақстан Республикасы ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәлігін беру және кері қайтарып алу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	"Қазақстан Республикасының ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәлігін беру және кері қайтарып алу" (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызмет)
2.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы

3.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	<p>Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:</p> <p>1) ақпараттандыру объектісі – Қазақстан Республикасы Ұлттық куәландырушы орталығының интернет-ресурсы pki.gov.kz (бұдан әрі – портал);</p> <p>2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);</p> <p>3) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – ЭҮП).</p>
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Қызмет көрсету мерзімі – 1 (бір) жұмыс күні; Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минуттан аспайды.
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық нысанда
6.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	<p>1) Қазақстан Республикасы ұлттық куәланадырушы орталығының (бұдан әрі – ҰКО) тіркеу куәлігін электрондық құжат нысанында беру;</p> <p>2) кері қайтарып алынған тіркеу куәліктерінің тізімінде сериялық нөмірді орналастыра отырып, ҰКО тіркеу куәлігін кері қайтарып алу;</p> <p>3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінде көзделген жағдайларда және негіздер бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.</p>
7.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.
		<p>1) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, жұмыс кестесіне сәйкес сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, Қазақстан</p>

